

МКҚК «Мерей» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін
«Мерей» б/б менгерушісі
Г.Аблаева

Ұйымдастырылған іс-әрекет
«Күншуақ» тобы
Тақырыбы: «Су асты әлемі»

Тәрбиеші: Қалауова Н

2022-2023 оқу жылы

Білім беру саласы: «Әлеумет»

Бөлімі: «Экология негіздері» «Шығармашылық»

Тақырыбы: «Су асты әлемі»

Мақсаты: Балаларға су асты әлемі туралы түсінік беру. Су асты тұрғындарын дұрыс атауға үйрету, балалардың ой-өрісін және сөздік қорын толықтыру. Табиғаттың бір бөлігі теңіз жәндіктеріне қызығушылығын арттырып оларды қорғауға, қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Балдықтар, балдыр, сегізаяқ.

Билингвалды компонент: рыбы-балықтар, осменок- сегізаяқ, водросли-балдырлар.

Заттық дамытушы орта: Глобус, кеме, теңіз түбі, пазлдар, суреттер, қылқалам, ақ қағаз.

Шаттық шеңбері:

Дөңгеленіп тұрайық

Шеңберді біз құрайық

Қол ұстасып бәріміз

Ақ тілекті жолдайық!

Әлемде нұр тыныштық,

Әрбір бейбіт күн ыстық

Қайырлы таң қонақтар

Қайырлы таң достарым!

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы менің қолымдағы қандай зат білесіңдер ме? – Глобус

Дұрыс айтасыңдар бұл глобус. Ендеше мен сіздерді осы глобуспен таныстырайын. Глобус- бұл жер шарының бірнеше есе кішірейтілгіп берілген нақты бейнесі. Глобуста –көк түспен су беті, жасыл түспен тегіс жерлер, қызыл түспен биік таулар мен жоталар, сары түспен аласа төбелер бейнеленген. Балалар бүгінгі сабағымыз өте қызық болайын деп тұр.

(Балаларға теңіз дыбысын тыңдату)

Балалар, әуенді естіп тұрсыңдар ма?

- Ия

-Мынау ненің дыбысы?

- Судың, теңіздің дауысы.

-Дұрыс айтасыңдар.

Сіздер осы су асты әлеміне саяхатқа шыққыларың келеме.

-Ия

- Ал ендеше барлығымыз бірге асықпай кемелізге жайғасайық.

Алыс-алыс елдерге

Орман тоғай, көлдерге

Саяхатқа барамыз

Теңіз түбін көруге. (Қимыл қозғалыспен әндетіп айтамыз)

Тәрбиеші: -Балалар қараңдаршы. Белгісіз теңізге келіппіз, жан-жағымызға қарайықшы, теңізді толқыған су қоршап жатыр, енді осы теңізге түсіп қарайықшы.

Тәрбиеші: -Балалар қараңдаршы теңіз түбінде жатқан бұл неғылған сандықша екен, сандықтың ішінде не бар екен? Ашып көрейік. Қараңдар балалар, сандықта кітап бар екен. Кітаптың ішінде жұмбақтар жазылыпты, мен оқиын сендер жауабын тауып көріңдер.

Жұмбақты шешу:

1) Су астында өседі, өнеді,

Сыртқа шықса өледі? (Балық)

Орыс тілінде балықты қалай айтамыз? Балық-рыба

2) Басы дәу, аяғы көп

Су асты оның мекені (сегіз аяқ)

Орыс тілінде балықты қалай айтамыз? Сегізаяқ-осменок

Су астында жүзеді,

Терең суды сүйеді

Отыз жыл өмір сүреді (жұлдызша)

Орыс тілінде балықты қалай айтамыз? Жұлдызша- морская звезда

Дұрыс балалар, теңіз жануарлары, жәндіктері туралы білесіңдер, жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар, ал енді сол теңіз түбіндегі жәндіктер туралы толық біліп, олардың теңіз түбінде қалай тіршілік етіп немен қоректенетіні жайлы білгілерің келеді ма?

– Ия (суреттерді көрсете отырып, жаңа сөздердің мағанасын түсіндіру)

Теңіз жұлдызы - жыртқыш, бір орында тұратын сияқты, бірақ ол теңіз түбінде әрқашан ақырын жылжып жүреді.

Атбасты балық- орташа балық. Оның басы атқа ұқсайды. Оның денесінде өсіп тұрған талшықтары жауларынан қорғау үшін керек.

Сегізаяқ- оның денесі алмұртқа ұқсас. Ол түсін тез өзгерте алады. Жыртқыш, ұсақ теңіз балықтарымен қоректенеді, оның атына заты сай сегіз аяғы бар. Теңіздің ең түбінде өмір сүреді.

Тасбақа- сауытына қарап бірден тануға болаты. Олардың бәрі өсімдіктермен қоректенеді. Тасбақа құмды қазып жұмыртқа салады да көміп тастайды.

Кит -теңіздегі ең ірі сүтқорегті. Әсіресе «көк кит» ұзындығы-30 метр, салмағы-150 тонна. Бұл киттің бойының ұзындығын тексеру үшін көз алдымызға 5 қабатты үйді елестету керек.

Сергіту сәті: Балық болып жүземі

Шынығамыз суда біз!

Шынықсақ біз бәріміз

Шымыр болып өсеміз!

Балалар су тұщшы және ашшы болып екіге бөлінеді. Олар бір бірімен араласып кетпейді.

Зертханалық жұмыс: Балаларды үстел үтіндегі карточкалар арқылы екі топқа бөліп алу керек. Карточкаларды алып шам әдісі бойынша бөлінеді күнді көрген балалар 1- топқа, кемпірқосақ көрген балалар 2- топқа жайғасады.

1 топ- екі стаканға бірдей мөлшерде су құйып, бірінші стаканға жұмыртқа саламыз ,байқаймыз жұмыртқа бата ма, әлде батпай ма? Балалардың жауабын сұрау.

Екінші стаканға 5 қасық тұз салып жақсылап араластырып, жұмыртқа саламыз, жұмыртқамыз бата ма, әлде батпай ма? Балалардың жауабын тыңдау. Себебін сұрау.

2 топ- теңіз толқынын жасайды. Ол үшін стаканға су құйып 2 қасық ас содасын салып араластырамыз. 1 қасық лимон қышқылын қосып араластырған кезде не байқағанын сұрау.

Шығармашылық жұмыс: 1 топ - теңіз тұрғындарын бояу.

2- топ балықтың сұлбасын жасайды.

Қағазды екі бүктеу, бүктеген жағы арқасы болады. Көлбеу сызық сызу, сызық бойымен қайшымен қию. Желбезегі мен құйрығын жасау үшін кертпелер қию.

3 - топ Тасбақа жасайды. Қағаздан дөңгелек қиып алу, дөңгелектің бір шетін ортасына дейін қию, қиылған шетін қайырып, конус жасау. Бұл тасбақаның денесі. Қағаздан жолақшалар қиып басы мен аяқтарын жасау.

Дидактикалық ойын: «Суреттерді ретіне қарай топтастыр» шарты: Суда тіршілік ететін жануарлар мен жерде тіршілік ететін жануарлар суреттері берілген. Осы суреттерді ретіне қарай топтастыру қажет. Ол үшін теңіздің суреті бейнеленген суретке суда тіршілік ететін жануарлар суретін, ал жердің суреті бейнеленген суретке жерде тіршілік ететін суреттерді топтастыру.

Жарайсыңдар балалар! Тамаша ондай болса кемеге отырып балабақшамызға қайтайық.

Сұрақ-жауап: Саяхатымыз ұнады ма?

Саяхаттан қандай әсер алдыңдар?

Ластанған суда тіршілік болады ма?

Балықтар сөйлей алса бізге не айтады екен?

Жарайсыздар балалар!





